

М.С.Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсыновтың есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласында республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсыновтың мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды. [2;65]

Қазақтың біртуар ұлы жазушысы – Мұхтар Әуезов айтқандай Ахмет Байтұрсынұлының өсиеті, өзінің үлгісі, біздің ойымызға салған пікірі қазақ халқындағы, қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Байқасаңыз, Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл шығармалары, өлеңдері, мақалалары халыққа жаны ашып, жастарды оқуға шақырып, білім – ғылымға шақырып, еңбек етуге, рухани биіктікке шақырған.

Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылы 8 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеден озды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ахмет Байтұрсынов «Ақ жол». Алматы «Жалын» 1991
2. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра» 2003
3. Ахмет Байтұрсынов «Шығармалары» Алматы «Жазушы» 1989
4. Ахмет Байтұрсынов «Тіл тағылымы» қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері Алматы «Ана тілі» 1992
5. Байтұрсынов А. Жан сөзімді кім түсінер? – Алматы: Қазақстан: А.Байтұрсынұлы атындағы қор, 1994

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ**

*Ордабаева З.З.*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы  
Қарағанды университетінің  
аға оқытушысы.,п.ғ.м.*

*Жолкенова Г.Ж.*

*Қарағанды «Volashaq» жоғарғы  
колледжінің оқытушысы  
Қарағанды қ., Қазақстан*

Қазақ халқына білім мен тәрбие берудің озық үлгі-өнегесін көрсеткен ұлт ұстазы– Ахмет Байтұрсынов – жаңаша мазмұнда білім беру арқылы қоғамды өзгертуді, елінің еркіндігін көздеген ағартушы. ХХ ғасырдың басында мектеп пен мұғалім қызметі, оның қоғамда алатын орны мен халқына сауатты білім мен саналы тәрбие берудің, ана тілінде оқытудың маңыздылығын Ахмет Байтұрсынов былай тұжырымдаған: « Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, берілген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Ең әуелі, мектепке керегі – білім, педагогика, әдістерден хабардар және оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы сай болуы. Құралсыз іс істелмейді құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы

болуына құралдар сайлы жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – бекітілген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі болуы керек. Мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішін «бағдарлама» деп аталады – деп оқытудың әдіс-тәсілдерін де айқындап, көрсеткен [1;438-440]. Ахмет Байтұрсынов көтерген маңызды үш ауқымды мәселе: мектеп, мұғалім, бағдарлама яғни оқу бағдарламасы. «Мектеп» сөзі «scholazo» ежелгі грек тілінен шыққан, оның мағынасы «жұмыстан демалу» дегенді білдіреді [2;178]. Мектеп – жалпы білім алуға арналған оқу орны. Оқу жүйесі жалпы және арнайы кәсіби білім беруден тұрады. Мектептегі жалпы білім беру үш сатыдан тұрады: бастауыш, негізгі, орта. Оқыту жүйесінің мақсат, міндет, мазмұны қоғам дамуына байланысты өзгереді. Мектепке керегі білім беру, балалардың негізгі білімі мен дағдыларын қалыптастыру қоғамның дамуы үшін маңызды. Әрбір сыныпта барлық салаларға қатысты оқу құралдарын оқып, білімді меңгереді. Оқыту жайында Ахмет Байтұрсынов: «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзетуге көп нәрсе керек. Жұрт жұмысы да, беті түзу болса, аз-аздап ілгері басқызып, оған қозғаушылар болса, көңілдегі жеріне жетеді. Сол жұрт ісінің бірі – оқу. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер ешнәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды. Оқудың тірегі – мұғалім. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оқыту жайын білетін мұғалімдерге тәртіпті құралдармен оқытқанда өзіне де, балаларға да оқу жұмысы оңай болады, екі жағы да қиналмайды» деген [3;509-512]. Ахмет Байтұрсыновтың пікірі бойынша, мектепке керегі – білімді, әрі білген білімін басқаға үйрете алатын, баланы жақсы оқыта білетін мұғалім қажет. Қазақ баласына біріншіден, ана тілінде білім беру үшін – бағдарлама қажет. Екіншіден, білім беру бағдарламасын игеру үшін оқу құралы – кітап керек. Үшіншіден, оқу кітабын жетік игерту үшін, яғни балаларды оқыту үшін ғылымды жан-жақты меңгерген мұғалім қажет.

Ахмет Байтұрсынов ұсынған тұжырымдама қазіргі білім беру үдерісінің негізі. Мұғалім «педагог» сөзінен туындайды. «Педагог» грек тілінен шыққан, «paidea» – бала, «gogos» – жетекші деген мағынаны білдіреді [4;912]. Мұғалім немесе педагог дегеніміз, мектепке апаратын адам, яғни, мұғалім – арнайы дайындығы бар, оқытушы және тәрбиеші міндетін атқаратын адам. Мұғалім – білім берудің мақсатын, міндетін, мазмұнын, қағидаларын, балаларды тәрбиелеу мен жетілдіру жолдарын, оқыту әдістерін іске асыру тәсілдерін жетік меңгерген, шығармашыл, өзін-өзі дамытушы, рухани жағынан бай, зиялы тұлға. Мұғалім мамандығының маңыздылығы қоғамның дамуымен айқындалады.

Мұғалімнің негізгі мақсаты мен міндеттері – оқыту сапасын көтеру, оның түрлерін жетілдіретін әдіс-тәсілдерін іздестіріп, балалардың пәнге деген танымдық қызығушылығын, ізденімпаздығын арттыру. Қазіргі уақытта мектепке керек өзекті мәселелердің бірі жаңаша оқытудың әдістері мен тәсілдерін дамыту. А. Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп аталып көрсетілген. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне көптеп енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы

мұғалім – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі [5;435-438]. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа қоғам мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзіреттіліктердің жоғары деңгейі мен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Мұғалім бір жерде тұрмауы керек, ол шәкірттері үшін жетекші рөл атқарады, үнемі өзін жетілдіріліп, шығармашылық тұрғыда кәсіби шеберлікпен, оқыту әдіс-тәсілдерін іздестірумен шұғылданады. Мұғалім баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін үнемі ізденіс үстінде болуы тиіс [6;432-434].

Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер: жаһандану, демографиялық, тыныштық пен қауіпсіздік, орнықты даму, технологиялар әлемдік білім беру жүйесін қайтадан қарауға әкелді. Осыған байланысты білім беру саласында мектеп, мұғалім үшін басты мәселе «XXI ғасырда нені оқыту керек?», ең маңыздысы «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырда қалай оқытады?» деп оқытуды өзгертудің қажеттілігі туындады. Мұғалім, оқушының білім мен дағдыларын дамытуға ғана емес, жалпы алғанда қалай оқу керек, оны қалай үйретуді қарастырып, балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін дамыту бағдарламасын іске асыратын оқу мен оқыту стратегияларын, педагогикалық әдіс-тәсілдерді қалай және қай жағдайда қолдану қажеттілігін білу керек. Қазіргі заман талабына сай функционалдық сауатты тұлғаның дамуына мүмкіндік беретін жаңартылған бағдарламалардың міндеті Ахмет Байтұрсыновша «оқуға үйрету», яғни өмір бойы білім алуға бағыттау. Сондықтан функционалдық сауаттылық мәселесін кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын үрдіс қажет. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беруді жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Ахмет Байтұрсынов «Білімнің бас құралы – кітап» деген [7;41-43]. Қазақ жерінде оқу жайын төтесінен қозғап, тек әріп танытатын әліппенің ғана бар екендігін айтады. Басқа қажетті кітаптар жоқ екендігін, оны шығаруға талпынып іздену керек деп үндеу жасайды. Одан арысы қазақтың балаларын оқытатын ұстаздарды даярлап, оны халық арасына жіберу керек деген тоқтамға келеді. -Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүниеда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар.

Осы тұста орысша оқытатындарға да көңілі толатындығын жеткізген Ахмет Байтұрсынов олардың кемшілігін де көрсетеді. Дыбыс айыру мен қазақ әріптеріне ықпал етуге келмейтіндігін, өзіміздің дәстүрімізге сәйкес кітаптар шығаруға талпыныстың қажеттігін айтады.

«Қазақ» газетінде «Бастауыш мектеп» атты мақала жариялап, мақала мазмұнында қазақ бастауыш мектебінің қандай болу керектігін, сол кездердегі мәселелердің шешілуін жазған. Қазақ жерінде әсіресе оқу мәселесіндегі оқулықтың аздығы мен ұстаздардың аса қажеттігін тізіп жазған. Мақала мазмұнына сүйенсек әрбір мәселеге тоқталып, оның шешілу жолдарын да айқын көрсете білген ғалымның сол кездегі өжеттілігіне тәнті боласыз. Шынында да, Ахмет Байтұрсынов жазған «Тіл – құралы», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Жаңа әліпби» еңбектері бүгінгі күнде ұлттың асыл қазынасы, осындай ұлттық құндылықтарымызды болашаққа дәріптейтін оқулықтар көп болған жағдайда ғана елдің ертеңі жарқын болмақ. Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына орай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап.

Оқулық – белгілі бір саладағы білімді жүйелі түрде баяндайтын және білім беру жүйесінде, оның әртүрлі деңгейде, өз бетінше оқу үшін қолданылатын кітап. Оқулық оқу орындарының типіне қарай (бастауыш, орта, кәсіптік, жоғары оқу орындары) жасалады. Оқыту – оқулық пен әдіс-тәсілдер арқылы меңгеріледі.

Ахмет Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы?» деп әдіс түрлерін де жіктеген: «Жалғыз әліпбиді үйретудің өзінде де толып жатқан әдіс бар. Сол әдіс түрлерін айтып түгелдей тауыса алмас едік. Лев Толстой: «жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – дейді. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаманы болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» [8;267]. Олай болса, әдіс дегеніміз – таным мен тәжірибелі қамалдар жиынтығы. Әдіс сөзі грек тілінде «methodos» қазақ тілінде «зерттеу», «оқыту», «мазмұндау», «тәсіл» деген мағынаны білдіреді [9;482]. Әдіс ұғымы – оқу-тәрбие жұмысының алдында тұрған міндеттерді шешу үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуге қолданатын тәсілі. Ал, тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі. Тәсіл – жалпы немесе жеке педагогикалық іс-әрекет әдісі болып табылады. Ахмет Байтұрсынов өз еңбегінде:

- мұғалім өзі үнемі ізденіп, дамуы қажет;
- мұғалім өз пәні мен оқу материалын жетік білуі керек;
- оқу мақсатына сай бағдарлама құрастыра білуі қажет;
- оқу бағдарламасына қажетті құрал кітаптың сапалы болуы маңызды;
- білім беру жүйесінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана білу керек;
- оқыту үдерісінде тілдің сауаттылығына ерекше мән беру қажет,
- деп атап көрсеткен.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынов еңбегіндегі оқыту әдістері мен тәсілдері қазіргі білім беруде де барынша маңызды. Мұғалімдер өз біліктіліктерін үнемі жетілдіре отырып, кәсіби шеберлігін дамытуға тиіс. Ана тілінде білім берудің тұлғаның ұлттық сана-сезімінің дамуына әсері айқын. Берілетін білім балалардың жас ерекшелігіне сай болуы, мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы қарапайым, жағымды сезімде болуы, балаларды қалай дамытуға емес, алдымен өзін қалай дамыту керектігіне баса назар аударудың маңыздылығы нақтыланған. Оқыту бағдарламасын құру барысында қазіргі ғылыми-техниканың, өндірістің, қоғамның талаптарын, әлемдегі өзгерістерді назарға алуы қажет. Себебі, білім мазмұны елдің өркендеуі үшін өте өзекті. Қорыта айтқанда, ұлт ұстазының оқу жайында жазған әрбір еңбегін оқыған мұғалім оқытушылықтың бастауын жете түсінеді, ұстаздық қыла жүріп, ұстаздық қызметінің ұлағатын ұғынады, ұстаздықтың шыңы биікте екендігін де ой елегінен өткізери хақ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 438-440.
2. Педагогикалық сөздік. Ыбыраимжанов Қ.Т., Қоянбаева Г.Р., Қоянбаев Р.М. – Тараз: ТарМПИ, 2010. – 178 б.
3. Қазақ прозасы: Хрестоматия. – А.: Ғылым, 2001. – Б. 509-512.
4. Педагогическая энциклопедия [Текст]: в 4 т. /ред. Каиров И.А., Петров Ф.Н. – М. – 1968. – Т. 4 – 912 с.
5. Тіл тағылымы. – Алматы. Ана тілі, 1992. – Б. 435-438.
6. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 432-434.
7. Бастауыш мектеп. – 1998. - №10-11. – Б. 41-43.
8. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналған /Құрастырушы Күзембаева В.Қ. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б.
9. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Арын Е. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ. 2006. – 482 б.